

## Майлықент ауылдық округіне қарасты шағынаудандарға атау беру және қайта атау туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің Майлықент ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 1 қарашадағы № 251 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 қарашада № 4251 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және 2017 жылғы 27 қыркүйектегі Оңтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Майлықент ауылдық округі әкімдігі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Майлықент ауылдық округіне қарасты Т. Рысқұлов елді мекенінде орналасқан атауы жоқ шағынауданға "Жанкент" атауы берілсін.

2. Майлықент ауылдық округіне қарасты Т. Рысқұлов елді мекенінде орналасқан "Қаңғалы" шағынауданы "Нұршуақ" шағынауданы деп қайта аталсын.

3. "Түлкібас ауданы әкімдігінің Майлықент ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Түлкібас ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Майлықент ауылдық округі әкімінің орынбасары А. Мусралиевке жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК